


КӨШПЕЛІ ӨРКЕНИЕТ ТУРИЗМ ТІРЕГІ МЕ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



БАЛАНЫ ҚАЛАЙ ҚЫЗЫҚТЫРАМЫЗ?

6-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



«ҚАСИЕТТІ КІТАПТАР» КӨРМЕСІ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Геосаяси дүрбелеңдер мен қақтығыстар белең алып, климаттық өзгерістер күрделенген және азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төнген шақта Біріккен Ұлттар Ұйымы әлемдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтауда басты рөл атқаруға тиіс. Қазақстан үшін БҰҰ халықаралық тәртіптің баламасыз әрі басты тірегі болып қала береді.

№91
(4835)
Сейсенбі
5 тамыз
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Оңалхан ӨНЕРХАН

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҒЫНА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Астанада «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында мектеп оқушылары үшін «Ерте кәсіптік бағдар беру» жобасы жүзеге асып жатыр. Жоба бойынша білім алушыларға жұмысшы мамандығының маңызы мен дербес кәсіби мамандықты таңдауға бағыт-бағдар беріледі.

4

АБАЙ ЕЛІНЕ ТАРТУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай «Абайға құрмет» республикалық акциясы басталғанын жариялаған еді. Бұл бастамаға еліміздің бірқатар өңірі қолдау білдірді.

«Абайға құрмет» акциясын қолдау мақсатында алдағы уақытта Семей қаласына Маңғыстау облысынан – Достық үйі, Түркістан облысынан – Көрме орталығы, Ақтөбе облысынан – Жекпе-жек сарайы, Шығыс Қазақстан облысынан – Ертістің сол жағалауы, Солтүстік Қазақстан облысынан – Мемлекеттік рәміздер алаңы, Шымкент қаласынан – Өнер мектебі, Астана қаласынан «Келешек мектебі» тарту етілмек. Әзірге бұл жобалар өңірлер мен Абай облысының тиісті басқармалары арасындағы меморандум түрінде бекітілген.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ТЕГІН ҮЙРЕТЕДІ

Елордада қазақ тілін меңгеру бойынша тегін курс өтеді.

Ересектерге арналған тіл курсына өтініштер 4-20 тамыз аралығында қабылданады. Басталу уақыты – 2 қыркүйек; оқыту форматы – офлайн; ұзақтығы – 4 ай; сабақ кестесі – аптасына 3 рет. Соңында қатысушыларға сертификат табысталады. Курсқа тіркелу мекенжайы: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 9, 209-кабинет. Байланыс телефондары: 24-90-52; +7-707-797-71-43.



Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының ұйытқы болуымен қаладағы мыңнан астам жекемен-шік көлік пен таксилерге **«ҚАЗАҚША СӨЙЛЕЙІК», «АНА ТІЛІҢ – АРЫҢ БҰЛ», «ТАЗА ТІЛ – ТАЗА САНА»,** т. б. қанатты сөздер жапсырылды.

Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы Сығанақ көшесінің Арыс көпірінен Түркістан көшесіне дейінгі аралығында жол төсеміне орташа жөндеу жүргізілетінін хабарлады.

Сонымен қатар жұмыстар Арыс көпірінде де жүргізіледі. Осыған байланысты 3-25 тамыз аралығында көрсетілген учаскеде қозғалыс ішінара жабылады. Осы уақытта көлік қозғалысы екі бағытта бір жағынан кезең-кезеңімен ұйымдастырылады. Елорда тұрғындары мен қонақтары қала жолдарында кептеліс болдырмас үшін қозғалыс бағытын алдын ала жоспарлауы қажет.

Бас қаладағы ашық аспан астындағы «Атамекен» этно-мемориалды кешені қазір жабық тұр. Астана қаласының Мәдениет басқармасы нысанға қатысты мәлімет берді.

«Атамекен» этно-мемориалды кешені апатты жағдайда деп танылғандықтан, жұмысын тоқтатты. Биыл этно-мемориалды кешенді ысыру жүргізілмейді. Болашақта басқа жерде «Атамекен» этно-мемориалды кешені тектес нысан салу жоспарда жоқ» делінген басқарманың хабарламасында. Еске салсақ, «Атамекен» этно-мемориалды кешені 2001 жылы 8 қыркүйекте ашылды. Кешен аумағында барлығы 200-ден астам миниатюра бар. Ресми мәлімет бойынша кешенді 2023 жылы – 17859 адам, 2024 жылы 27055 адам тамашалаған.

№91 (4835) 05/08/2025 Сейсенбі



ҚАЗАҚСТАН – БЕЙБІТШІЛІККЕ ҮНДЕЙТІН ЕЛ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Бас хатшы Антониу Гутерриш Алматы қаласындағы БҰҰ өңірлік орталығына барды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутерриш Қазақстан Үкіметі мен Ұйым арасында БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын құру туралы келісімге қол қою рәсіміне қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев ең әуелі осы айтулы іс-шараға қатысқаны үшін БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришке ризашылығын білдірді.

Президент іс-шараның Қазақстан ғана емес, Біріккен Ұлттар Ұйымы үшін де елеулі сипатқа ие екенін атап өтті. Бұл оқиға дүниежүзілік картада өте салмақты акторға айналып келе жатқан Орталық Азияның маңызы жөнінде халықаралық қоғамдастыққа айқын белгі бергенін жеткізді.

Мемлекет басшысының айтуынша, қол қойылған келісім арқылы Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталықтың құрылуы ресми түрде бекітілді. Бұл – Қазақстан мен БҰҰ арасындағы ұзақ мерзімді және жемісті ынтымақтастықтың маңызды кезеңі.

– Геосаяси дүрбелеңдер мен қақтығыстар белең алып, климаттық өзгерістер күрделенген және азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төнген шақта Біріккен Ұлттар Ұйымы әлемдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтауда басты рөл атқаруға тиіс. Қазақстан үшін БҰҰ халықаралық тәртіптің баламасыз әрі басты тірегі болып қала береді. Еліміз Ұйымға кірген сәттен бастап, 33 жыл бойы халықаралық қоғамдастықтың жауапты, белсенді әрі бейбітсүйгіш мүшесі екенін жан-жақты танытып келеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Алматы қаласында БҰҰ өңірлік орталығының ашылуы аймақтың стратегиялық маңызы артып келе жатқанын көрсетеді.

– Бүгінде Орталық Азия бірлігі бекем және тату көршілік пен ортақ прогресс қағидаттарына бейіл өңір екенін паш етіп келеді. Аймақ елдері саяси және әлеуметтік реформалар жүргізіп, экономиканы әртараптандыру бойынша батыл шаралар қабылдап жатыр. Адам капиталын дамытуға күш салып, анағұрлым инклюзивті институттар құруды қолға алды. Біз халықаралық өзекті мәселелерді шешуге белсенді араласатын мәмілегер ретінде Орталық Азияның әлеуетін ашуға және жаһандық аренада конструктивті әрі келешекті көздеген күн тәртібін дәйекті түрде ілгерілетуге ұмтыламыз. Осы орайда Алматы қаласында БҰҰ өңірлік орталығын ашу уақытылы және стратегиялық тұрғыдан маңызды қадам болып отыр, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Орталық аймақтағы елдер экономикасының орнықтылығы мен қарқынын күшейтуге, өңірлік инновацияны дамытуға және ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталған үйлесімді іс-қимылдар катализаторы болады деп пайымдайды.

– Аталған Орталықтың құзыреті мен функциялары аймақтағы немесе одан тысқары жерлердегі басқа ұйымдардың қызметін қайталамайды. Керісінше, Орталық аймақ халқының нақты сұранысына назар аударудың арқасында қабылданып жатқан шараларды толықтырып, оның мән-мазмұнын арттыра түседі. Арал теңізіндегі экологиялық дағдарыс пен Каспий теңізінің тартылуы сияқты Орталық Азия проблемалары баршаға белгілі. Бұл түйткілдердің тиімді шешімін табу үшін өңірлік ықпалдастықты нығайтып, оған Біріккен Ұлттар Ұйымын белсенді түрде тарту қажет. Осы ретте Қазақстан келесі жылдың сәуір айында Астанада БҰҰ агенттіктерімен бірге Өңірлік экологиялық саммит өткізеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Ауғанстанның бейбіт өмірі мен орнықты дамуы аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан айрықша маңызға ие.

– Қазақстан гуманитарлық көмек көрсетуге, білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға, сауда-саттықты жандандыруға және азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты бастамалар арқылы ауған халқына қолдау көрсетуді жалғастырады. Екі ел арасындағы сауда көлемі ұдайы өсіп келеді. Біз Ауғанстанның бейбіт тіршілігі мен дамуы қатар жүруі керек деп санаймыз. Адамның қадір-қасиеті мен халықаралық құқық бір-бірімен тығыз байланысты. Оларды қамтамасыз етуге күш жұмылдырмайынша, тұрақтылыққа қол жеткізу мүмкін емес, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстан Орнықты даму мақсаттарын өзінің ұлттық стратегиясының басымдықтары ретінде қарастыратынын айтты.

Президент ортақ игілікке қол жеткізу үшін үкіметті, азаматтық қоғамды және жеке секторды бірлесе жұмыс істеуге шақырды. Тек соның арқасында Орталық Азия шын мәнінде тұрақтылықтың, мүмкіндіктер мен орнықты өсімнің мекені ретінде дами алады.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, осындай қилы кезеңде жоғары дипломатия мен көшбасшылық үлгісін көрсетіп келе жатқан БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришке алғыс айтты. Президент еліміздің Ұйым Бас хатшысының бастамаларына алдағы уақытта да қолдау білдіретінін жеткізді.

Антониу Гутерриш барлық қатысушыға ықылас танытып, аталған Орталықты ашу арқылы Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу жолында өңір үшін жаңа кезеңнің басталғанын айтты.

Сондай-ақ Антониу Гутерриш Түрікменстанда өтетін теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған БҰҰ-ның үшінші конференциясы қарсаңында Алматыға келгеніне қуанышты екенін жеткізді.

Бас хатшы сөзінің соңында Қазақстанның ішкі саяси бағдары мен сыртқы саясатына жоғары баға берді.

– Қазақстанға шын жүректен тәнтімін. Мен үшін Қазақстан – даналықтың символы, халықтар арасына дәнекер болып, бейбітшілікке үндейтін ел. Бұл – түрлі этнос пен дін өкілдері бас қосып, ортақ келешекке апаратын жолды бірге іздейтін мекен. Қазақстанның ядролық қарудан бас тартқанын ешқашан ұмытпаймын. Осы шешімнің нәтижесінде Сіздердің елдеріңіз бейбітшілік пен қарусызданудың символына айналды. Бүгінгі таңда бұл өте өзекті. Қазақстан әрдайым парасаттылық танытқан әрі сол биігінде қалады. Өкінішке қарай, қазіргі әлемге осындай байыпты ұстаным жетпей тұр, – деді Антониу Гутерриш.

МОРАТОРИЙ ЕНГІЗУДІ ТАПСЫРДЫ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыға жұмыс сапары кезінде қала әкімі Дархан Сатыбалдыны қабылдады.

Президентке шаһардың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен алдағы жоспарлары туралы баяндалды. Биылғы бірінші жартыжылдықта қысқамерзімді экономикалық индикатор 11 пайызға өскен. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 25,4 пайызға артты.

Мемлекет басшысына қаланың орталық бөлігіне түсетін жүктемені азайтуға, инфрақұрылымды теңгерімді бөлуге және қалада жайлы орта қалыптастыруға бағытталған полицентристік даму барысы жөнінде мәлімет берілді. Аудандар арасындағы тиімді байланыс пен қоғамдық көлік қызметін жақсартатын транспорт жүйесін құру мәселесіне ерекше назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев шаһардың жоғарғы бөлігінде көппәтерлі тұрғын үйлер салуға және аумақты тарылтатын құрылыс жүргізуге мораторий енгізуді тапсырды. Бұл шектеу Бас жоспарда қарастырылған әлеуметтік нысандар мен туристік кластер жобаларына қатысты емес.

Бұдан бөлек, Бас жоспарға табиғи ортаны қорғауды күшейтуге, қаланы жүйелі дамытуға және тау бөктеріндегі құрылыстың алдын алуға арналған өзгерістерді уақыт оздырмай енгізу міндетін жүктеді.



ҒАРЫШКЕР ДҮНИЕДЕН ОЗДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әйгілі ұшқыш-ғарышкер, Халық қаһарманы, мемлекет және қоғам қайраткері Талғат Мұсабаевтың дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен туған-туыстарына көңіл айтты.

«Талғат Амангелдіұлы үш мәрте ғарышты бағындырған, ашық космосқа шығып, айтулы ерлігімен еліміздің атын әлемге танытқан батыр тұлға еді. Отандық аэроғарыш саласын дамытуға бар күш-жігерін жұмсап, еселі еңбек етті. Сенат депутаты және қоғам қайраткері ретінде көптеген игі іске бастамашы болды. Кәсіби біліктілігімен, айналасына сыйлы азаматтық қалпымен халықтың құрметіне бөленген Талғат Амангелдіұлының жарқын бейнесі ұмытылмайды. Иманы саламат, жаны жәннатта болсын» деп жазылған жеделхатта.

ҚАНДАЙ ЖӘРДЕМАҚЫ ТӨЛЕНЕДІ?

Елімізде көпбалалы отбасылар мен марапатталған аналар мемлекеттен қандай көмек алады? Бұл жөнінде, атап айтқанда, жәрдемақы кімдерге және қалай тағайындалатыны туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Әлеуметтік көмек департаментінің бас сарапшысы Алтынай Сейсембаева айтып берді.

– Көпбалалы отбасыларға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында олардың табысына қарамастан республикалық бюджет есебінен мемлекеттік жәрдемақы төленеді. Оған 4 немесе одан да көп кәмелетке толмаған балалары немесе 23 жасқа толмаған күндізгі бөлімде оқитын студенттері бар отбасылар өтініш бере алады. Жәрдемақы мөлшері балалардың санына қарай, яғни 4 балаға 16 АЕК көлемінде, 7 балаға 28 АЕК көлемінде сараланады. Отбасында 8 және одан көп бала болса, әр балаға 4 АЕК көлемінде жәрдемақы төленеді, – деп түсіндірді Алтынай Сәрсембаева.

Сондай-ақ «Күміс алқа» иеленген көпбалалы аналар бюджет есебінен ай сайын 6,4 АЕК көлемінде жәрдемақы алады. Ал «Алтын алқасы» бар және «Батыр ана» атағы бар, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордені бар аналарға 7,4 АЕК есебінде жәрдемақы тағайындалады.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Австралияның Жаңа Оңтүстік Уэльс штатында 40 сантиметрге дейін қар жауды.

Табиғаттың тосын мінезі 1455 оқиғасына себеп болды. Төтенше қызметтер 100-ден астам көліктің қар құрсауында қалып қойғанын, боран ғимараттарды бүлдіргенін, ондаған үй жарықсыз отырғанын хабарлады. Елдің метеорология бюросының мәліметінше, көптеген қалада кейінгі онжылдықтардағы ең қалың қар жауып тұрғаны – осы кез.



Армения астанасында метеобақылау тарихындағы ең жоғары ауа температурасы тіркелген.

Елдегі синоптиктердің мәліметінше, сенбі күні жергілікті уақыт бойынша шамамен 17:00-де Ереванда ауа температурасы +41,9°C-қа жетіп, 2000 жылы тіркелген алдыңғы рекордтан асып түскен. Аномальді ыстық тек ел астанасын ғана емес, басқа да елді мекендерді қамтыған. Бірқатар аймақта да тарихи максимумдар жаңарды: Арени – +42,6°C, Арташат – +40,9°C, Апаран – +33,5°.



Колумбияның бұрынғы президенті Альваро Урибе куәгерлерге қысым көрсету және алаяқтық әрекеті үшін 12 жыл үйқамаққа алынды.

73 жастағы саясаткер ел тарихында қылмыс үшін сотталған алғашқы экс-президент атанып отыр. Оған мемлекеттік қызмет атқаруға тыйым және 578 мың АҚШ доллары көлемінде айыппұл салынды. Бұрынғы президент шамамен 13 жылға созылған тергеу барысында куәгерлерге қысым көрсетуге қатысты екі бап бойынша кінәлі деп танылған еді.

№91 (4835) 05/08/2025 Сейсенбі

ЦИФРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ ҚАЛАЙ?

Бас қалада цифрлық инфрақұрылымды дамыту, қалалық қызметтердің қолжетімділігін арттыру, бейнебақылау арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыттарында биылғы жарты жылда қандай жұмыстар атқарылды? Бұл жайында қалалық коммуникациялар қызметінің алаңында Астана қаласы Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасы басшысының орынбасары Бексұлтан Қуандық баяндады.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Оның айтуынша, iKomek109 бірыңғай байланыс орталығы қала тұрғындарының өтініштері мен арыз-шағымдарына жедел әрекет ететін мекемеге айналды. Биылғы 6 айда бұл орталық 1 миллионнан астам өтініш пен 220 мыңнан аса оқиғаны тіркеді. Мәселелердің 82%-дан астамы бір қоңырау шалудан, яғни бірден шешілді.

Ал QalaQyzmet қалалық қызметтер орталығы коммуналдық және өзге де бағыттар бойынша 120-дан астам қызмет түрін көрсетіп келеді. Осы жылдың басынан бері 113 мың қызмет көрсетілді. Оның 57 мыңы – онлайн, 56 мыңы фронт-кеңселерде жүзеге асты. Ең сұранысқа ие қызметтер – коммуналдық ұйымдармен келісімшартқа отыру, техникалық шарттарды рәсімдеу және Бірыңғай есептеу орталығы (ЕРЦ) бойынша кеңес беру.

«Қауіпсіз қала» бағытын іске асыру аясында жоспарланған 2000 бейнебақылау камерасынан 1300-ден астамы орнатылып, Астананың Полиция департаментінің Жедел басқару орталығымен бірікті. Ерекше назар білім беру мекемелерінің қауіпсіздігіне аударылды. Жыл басынан бері мемлекеттік мектептерде 565 камера қойылды. Жалпы бұл жоба шеңберінде жыл сайын 1940 камера мен 100 SOS батырмасын орнату жоспарланған. Яғни алдағы 3 жылда 100 мектепті ішкі және сыртқы бақылау үшін 5800-ден аса камера мен 300 SOS батырмасы орнатылмақ.

Мемлекет басшысының медицина қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету тапсырмасы бойынша жедел медициналық жәрдем станцияларының көліктеріне орталықтандырылған бейнебақылау жүйесін орнату жобасы іске қосылды. Соның аясында 100 жедел жәрдем көлігіне 400 бейнекамера орнатылмақ. Мұндағы тиісті бейнежазбалар 30 күнге дейін сақталады.

Астана әскерге шақырылушыларды медициналық тексеруден өткізуді толық цифрлық форматқа көшірген алғашқы өңір атанды. Биыл көктемде бұл жүйе 2500-ден астам азаматты қамтыды.

Телекоммуникация жетістігі қатарында 16 тұрғын алап пен 1 саяжай алабына жылдамдығы жоғары талшықты-оптикалық интернет тартылғанын атап өтуге болады. Жоспардағы жеке сектордағы 12 мың тұрғын үйдің 10500-ден астамы тұрақты интернетпен қамтылды.

Қалада интернет нашар ұстайтын 35 аймақ анықталған еді. Оның 23-і тұрақты байланыспен қамтамасыз етілді, тағы 4-еуіне базалық станцияларды орнату жоспарланған, жыл соңына дейін тағы 8 станция қойылады. Жалпы бүгінде бас қалада 5G форматы бойынша 300 базалық станция жұмыс істеп тұр.

Цифрландыру саласында халықаралық байланыс жолға қойылды. Мәселен, Яндекс компаниясымен бірге жедел жәрдем бригадасының келуін Яндекс.Карталар арқылы бақылау қызметі енгізілді. Жеделдіктің бірінші санатындағы шақыру кезінде науқасқа көліктің бағытын көрсететін сілтемесі бар SMS-хабарлама жолданады.

Бұған қоса, жастар арасында цифрландыру бағытындағы жұмыстар жүргізілуде. Алдағы күзде елордада Қазақстан мен ТМД елдерінің мектеп оқушыларына арналған STEM-олимпиадалары қайта өтеді. Сонымен қатар қалалық стартаптарды қолдау бағдарламаларын іске қосу және мегаполис жағдайында цифрлық шешімдерді сынақтан өткізу жоспарланып отыр. Астананың цифрлық инфрақұрылымын дамыту әрі қарай да жалғасады.



ЖАС САРБАЗДАР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

Астанадағы Ұлттық ұланның 6636 әскери бөлімінде мерзімді әскери қызметке жаңадан шақырылған жас сарбаздардың салтанатты әскери ант қабылдау рәсімі өтті. Бұл – олардың әскери өміріндегі алғашқы маңызды кезең ғана емес, сондай-ақ Отанды қорғау жолындағы жоғары жауапкершіліктің символы.

Биыл әскери бөлімге Солтүстік Қазақстан, Жетісу, Қостанай және Павлодар облыстарынан 125 жас сарбаз келіп қосылды. Мемлекеттік әнұран үнімен ата-аналарының, ардагерлер мен командирлердің алдында олар әскери борышын адал атқаруға салтанатты түрде ант берді.

Әскери бөлім командирі, полковник Ерлан Боранбаев өз сөзінде әскери ант Отан қорғаушы болуға бастайтын қасиетті жол екенін атап өтті.

«Бүгіннен бастап сіздер Ұлттық ұланның сарбаздарысыздар. Халық, ата-ана және ар-ұждан алдында адал болуға ант бердіңіздер. Тәртіп, адалдық пен ерлік жай ғана сөздер емес, бұл – қызметтің мәні» деді ол әскери жиында.

Рәсімде қатардағы сарбаз Расул Сапарбек шырқаған «Ана» әні келушілерді керемет әсерге бөледі. Әсіресе баласын әскерге шығарып салған аналардың жүрегін тербеді.

Іс-шара соңында 2025 жылдың I шақырылымындағы сарбаздар қоянқолтық ұрыс тәсілдерінен көрсетілім өткізді. Сонымен қатар Ұлттық ұланның Құрмет қарауыл ротасының саптық дефилесі ерекше атап өтуге тұрарлықтай көрініс тапты. Салтанатты рәсім аяқталғаннан кейін сарбаздар мен ата-аналар естелік суретке түсті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылыстық жобаларды әзірлеу, келісу және бекіту ережелерінің нормалары мен талаптарына сәйкес, «Сарыарқа» ауданында, Гёте көшесі бойында орналасқан жер учаскесінде «Өндірістік база теміржол соңы (теміржол машиналарын жөндеу және автожабдықтарды сақтау)» объектісін орналастыруға арналған детальды жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылау өткізетінін хабарлайды. Тапсырыс беруші – Илиясов Ж.Т.

Қоғамдық талқылау 2025 жылдың 15 қыркүйегінде сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде k.baigabylova@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес, егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар келесі сұрақтар бойынша өтетіні туралы хабарлайды:

1) «Есіл» ауданы, Мәңгілік ел және Қабанбай батыр даңғылдарының қиылысы ауданында орналасқан жер учаскесінде, «NM-City-2» ЖШС тапсырыс берушісі болып табылатын «Кіріктірілген, кіріктірілген-жапсарлас үй-жайлары мен паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешені» объектінің атауын өзгерту бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша.

2) «Нұра» ауданында, Үркер т. а., Е794 көшесі, №1Б учаскесінде орналасқан жер учаскесінде, «Construction Machinery Co» ЖШС тапсырыс берушісі болып табылатын «Аз қабатты тұрғын үйлер (3 қабат)» объектісін орналастыру бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 27 тамызда сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде b.balgozhin@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

ЕРІКТІЛЕР ЕСІЛ ЖАҒАСЫН ТАЗАРТТЫ

Елордалық еріктілер Есіл өзенінің жағасын қоқыстан тазартты. Бұл іс-шара «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экоакциясы аясында өтіп отыр.

Іс-шараны тәжірибешіл экологтар қауымдастығы ұйымдастырған. Сондай-ақ тазалық жұмыстарын жүргізуге «Астана жастары» жастар ресурстық орталығынан 20-дан астам белсенді ерікті қатысты.

«Елорданың қоғамдық орындарында серуендегенде тазалық жұмыстарын жүргізу қажет деп білдік. Содан еріктілермен бірге айналаны күл-қоқыстан тазарттық. Бірнеше сағат ішінде 20 қапшықтан астам қоқыс жиналды. Өздеріңізге мәлім, мұнда балық аулаушылар көп келеді. Олар өзен маңында қоқыс контейнерлері болмағандықтан, заттарын тастап кетеді. Сондықтан аймаққа қоқыс тастауға арналған контейнерлерді көбірек орналастыру қажет. Іс-шараға қатысқан еріктілерге алғысымды білдіремін» деді тәжірибешіл экологтар қауымдастығының төрайымы Лаура Мәлікова.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы былтыр көктемде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен бастау алған. Осылайша ол бүкіл ел аумағында жалғасқан кең ауқымды шараға айналды. Аталмыш акция елорда өмірінің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Осындай іс-шаралар арқылы өскелең ұрпақты экологиялық мәдениетке баулуға болады.



Солтүстік Кореяда әйелдер автомектепке қабылданады.

Ким Чен Ын билікке келгенге дейін оларға тек жол қозғалысын реттеуге рұқсат етілді және көлік жүргізуге тыйым салынған еді. Енді елдегі кейбір автомектеп Социалистік әйелдер одағының ұсынысы бойынша қазір әйелдерді оқыта бастады. Жүргізуші куәлігін алу үшін күту мерзімі 18 айға дейін созылуы мүмкін. Ресми мәлімдеме болмағанмен, бұл Ким Чен Ын тұсындағы сақтықпен жасалған қоғамдық-саяси ашықтық деп бағалануда.



Қытайдың оңтүстігіндегі Гуандун провинциясында бір апта ішінде чикунгунья безгегінің 2800-ден астам жаңа жағдайы анықталды.

Аталмыш провинцияның ауруларды бақылау және алдын алу орталығының бас маманы Кан Миннің айтуынша, індеттің қарқынды өсуі тоқтағанмен, су тасқыны маусымында індеттің алдын алу және бақылау әлі де күрделі қиындыққа тап болады. Ауыр жағдай мен өлім-жітім болмағанмен, аурудың көп бөлігі (2770) Фошан қаласында тіркеліп тұр.

№91 (4835) 05/08/2025 Сейсенбі

КӘСІПКЕ БАУЛИТЫН СЫНЫПТАР

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

Ұлттық баяндаманы орындау мақсатында және «Ерте кәсіптік бағдар беру» жобасы аясында 2024 жылдан бастап елорданың 50 мектебінде «Педагогикалық сынып» бейіні бойынша оқыту жүргізіліп жатыр. Оқыту «Қонақтардан дәріс» форматында өтті. Педагогикалық сыныптарда Астана халықаралық университеті және А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының оқытушылары дәріс береді.







Таңдалған сыныптарда мектептердің педагогикалық мамандыққа қызығушылық танытатын 9-11-сынып оқушылары білім алады. «Педагогикалық сынып» бейіні бойынша ерте кәсіптік бағдарлау – бұл мақсатты кәсіптік-педагогикалық бағдарлау және педагогикалық қызметке тұрақты қызығушылықты қалыптастыру. Сонымен қатар «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында 2025 жылғы қаңтар айынан бастап сервис (тамақтандыруды ұйымдастыру, техникалық қызмет көрсету), дизайн, тігін өндірісі, теміржол көлігі, IT, педагогика, медицина бағыттары бойынша «100 бейінді сынып» жобасы іске қосылды.

Астана қаласы Білім басқармасы басшысының бұйрығына сәйкес, әрбір бағыт бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен бейінді оқытуды жүзеге асыратын жалпы білім беретін мектептер бекітілді. Жобаға 7 ЖОО (Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Astana IT University, «Астана» медицина университеті, М.Тынышпаев атындағы ALT университеті, «Астана» халықаралық университеті), Астана қаласының 21 колледжі мен 70 мектебі қатысады.

Бейінді 8-11-сыныптарда барлығы 2892 білім алушы қамтылды, оның ішінде мынадай бағыттар бойынша:

1. Сервис (тамақтандыруды ұйымдастыру) – 25 сынып ашылды, білім алушылар саны – 545, оның ішінде мемлекеттік тілде – 300, орыс тілінде – 245.

2. Сервис (техникалық қызмет көрсету) – 4 сынып, білім алушылар саны – 88, оның ішінде мемлекеттік тілде – 58, орыс тілінде – 30.

3. Дизайн – 12 сынып, білім алушылар саны – 290, оның ішінде мемлекеттік тілде – 80, орыс тілінде – 210.

4. Тігін өндірісі – 13 сынып, білім алушылар саны – 316, оның ішінде мемлекеттік тілде – 279, орыс тілінде – 67.

5. Теміржол көлігі – 5 сынып, білім алушылар саны – 121, оның ішінде мемлекеттік тілде – 91, орыс тілінде – 30.

6. IT – 9 сынып, білім алушылар саны – 156, оның ішінде мемлекеттік тілде – 83, орыс тілінде – 73.

7. Педагогикалық – 50 сынып, білім алушылар саны – 1064, оның ішінде мемлекеттік тілде – 919, орыс тілінде – 145.

8. Медицина – 12 сынып, білім алушылар саны – 282, оның ішінде мемлекеттік тілде – 158, орыс тілінде – 124.

2025 жылғы 1 ақпанда колледждер мектептермен келісілген тақырып жоспарын әзірледі. Бейінді сыныптардың әр бағытына Астана қаласы Әдістемелік орталығының жауапты әдіскерлері бекітілді. Бейінді сыныптардағы сабақтарды 170 арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері жүргізеді. Сабақтарды өткізу формалары: дәріс, шебер-сынып, экскурсия, тренинг, дөңгелек үстел, слет және басқалар. Бейінді сыныптардың жұмысына колледждердің әлеуметтік серіктестері жұмылдырылған. Мониторинг жүргізу және әдістемелік көмек көрсету мақсатында бейінді сыныптардағы сабақтарға қатысу, білім алушылар арасында сауалнама жүргізу көзделген. Сондай ақ бейінді жұмыспен ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар да қамтылды. Атап айтқанда, кәсіптік бағдарлау бойынша сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру мақсатында Астана қаласының әр аудандары бойынша қанатқақты мектептер (№8, 23, 65, 71, 79, 83, 89, 96) іріктелді.

2023 жылы аталған бағыттағы бағдарлама қалалық сараптамалық кеңесте қаралып, бекітілді. Мектептердің материалдық-техникалық базасы ескеріле отырып, бағдарламада көрсетілген үйірмелерді ашуға ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың саны анықталды. №23, 83 мектептерде «Тігін ісі», «Аспаз ісі» үйірмелерін мектептің штаттық бірлігі негізінде жүргізу мүмкіндігі бар, ал №65, 71, 96 мектептерде қосымша үйірме ашу үшін сағаттар М.Өтемісұлы атындағы және әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы есебінен алынды және осы аталған мектеп базасында өтеді.

Барлық мектептің ата-аналарымен жиналыс өтіп, «Менің болашақ мамандығым» эксперименттік білім беру бағдарламасының мазмұны түсіндірілді. Аталған үйірмелерге білім алушылардың икеміне байланысты топтар жасақталып, тізім және оқу кестесі жасалды. Бұл үйірмеге 13 жастан жоғары әртүрлі жастағы балалар топтастырылған. Үйірмелерді технология және аспаздық кабинеттерінде бейінді білімі бар педагогтар жүргізеді. Сабақтар кестеге сәйкес аптасына 2 рет 2 академиялық сағаттан өтеді. Топтардың толымдылығы 6-7 адамнан тұрады. Білім алушылар бейіні бойынша бастапқы білім мен дағдыны игереді. Кәсіптік бағдар беру жұмысы әрбір білім алушыға нақты мамандықты таңдауға емес, саналы, дербес кәсіби таңдауды жүзеге асыруға, өз таңдауы үшін жауапты және кәсіби мобильді болуға мүмкіндік береді.

МЕКТЕП АУЛАСЫ ЖАЙҚАЛДЫ

Таза Қазақстан ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Бас қаладағы мектептердің бірінде оқушылар мен ұстаздардың бастамасымен ерекше экологиялық жоба жүзеге асып, мектеп жанынан экологиялық бақ ашылды. Жоба «Таза Қазақстан» ұлттық бастамасының мақсатымен үйлесіп, елдегі экологиялық тәрбие берудің озық үлгісіне айналып отыр.



№8 мектеп-лицей ауласында «Жас ландшафт» атты ландшафт бағы ашылып, оқушылар үшін табиғатты тану мен жаңартылатын энергияны игерудің тәжірибелік алаңына айналды. Жоба авторы – мектептің математика пәні мұғалімі Гүлшат Әбуова. Жасыл бастаманы мектеп ұжымы мен оқушылар бірауыздан қолдап, нәтижесінде экологиялық және эстетикалық мәнге ие ерекше бақша салынды.

«Көздеген мақсатымыз – балаларды табиғатты аялауға баулу, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және мектеп ауласын жаңаша, мәнді түрде көгалдандыру» дейді жоба жетекшісі.

Ландшафт бағының құрамында гүлзарлар мен шөпті аймақтар, табиғи тастардан жасалған шағын архитектура формалары, демалыс орындары, көкөніс және шөптесін өсімдіктер егілген тәжірибе аймағы, компост жасау алаңы, күн энергиясымен жұмыс істейтін шағын фонтан бар.

Жасыл бақ – тек көркем табиғи орта ғана емес, оқушылар үшін нақты білім мен тәжірибе алаңы. Бақшадағы жұмыс барысында оқушылар биология, еңбек, экология пәндерінен алған білімін іс жүзінде қолданады. Жас зерттеушілер өсімдіктердің өсуін бақылап, мәселелерді анықтап, шешу жолын іздейді. Мысалы, жақында 8-сынып оқушысы өсімдік жапырағының өзгерісін байқап, оның себебін анықтау үшін шағын зерттеу жүргізген. Бұл оқушылардың сыни ойлау, жауапкершілік, бақылау дағдыларын дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Жобаға мектеп мұғалімдерімен қатар, оқушылар мен «Жасыл ел» бағдарламасының жас еріктілері белсене қатысқан. Олар бірге жоспар жасап, бақшаны абаттандырып, су жүйесін орнатып, ландшафт композицияларын әзірледі.

Сара ҚАМЗАЕВА

Санкцияланбаған қоқыс үйінділерін жою және тәртіп бұзушыларды анықтау бойынша елордада жүйелі жұмыс жасалып жатыр. Қаланың барлық ауданында мониторинг жүргізіліп, заң бұзушылықтар анықталады және кінәлі тұлғаларға әкімшілік айыппұл түріндегі жауапкершілік жүктеледі.

ЗАҢСЫЗ ҚОҚЫС ҮЙІНДІЛЕРІ ЖОЙЫЛДЫ

Бүгінге дейін 158 қоқыс үйіндісі жойылып, 226 мың тоннаға жуық қоқыс шығарылған. Бұл жұмысқа 149-дан астам арнайы техника жұмылдырылған. Аудандар бойынша жағдай мынадай:

• Байқоңыр ауданында 36 үйінді жойылып, 16 мың тоннадан астам қоқыс шығарылды.

• Есіл ауданында 53 рұқсатсыз үйінді жойылып, 65 мың тоннадан астам қоқыс шығарылды.

• Сарыарқа ауданында 4 үйінді жойылып, 19 мың тонна қоқыс шығарылды.

• Сарайшық ауданында 27 үйінді жойылып, 29 мың тонна қоқыс шығарылды.

• Алматы ауданында 14 үйінді жойылып, 7 мың тонна қоқыс шығарылды.

• Нұра ауданында 24 нүкте жойылып, 90 мың тонна қоқыс шығарылды.

Стихия үйінділерімен күрес тек оларды жоюмен шектелмей, бақылаудың күшеюі және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы да жүргізіледі. Қалада арнайы мобильді топтар мен құқық бұзушылықтарды тіркейтін iKomek жүйесі белсенді жұмыс істейді. Жыл басынан бері 25 мыңнан астам адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, салынған айыппұлдың жалпы сомасы 345 млн теңгеден асты. Рұқсатсыз орынға қоқыс тастағаны үшін жеке тұлғалар мен кәсіпорындарға 100-ден 1000 АЕК-ке дейін

айыппұл салынады (393200 теңгеден 3932200 теңгеге дейін). Егер бұл құқық бұзушылық 1 жылдың ішінде қайта жасалса, айыппұл 200-ден 2000 АЕК-ке дейін өседі (786400 теңгеден 7 млн теңгеден астам сомаға дейін). Сонымен қатар қоқыс шығаруға пайдаланылған көлік құралдары мен өзге де мүлікті тәркілеу түріндегі қосымша санкциялар қарастырылған. Бұл шаралар жаңа рұқсатсыз қоқыс үйінділерінің алдын алуға және қаланың экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған.

№91 (4835) 05/08/2025 Сейсенбі

Абай атамыз кезінде: «Өзгеге еліктеп, өзіңді жоғалту – ең үлкен қасірет» деп айтып кеткен екен. Қазақстан – үш ғасырға жуық отарлық үстемдіктің тізгінінде өмір сүрген ел. Бұл кезең – ұлттық сананың қалыптасуына, мәдени кодтың сақталуына, халықтың өз болмысына деген көзқарасына терең із қалдырып кеткен заман ретінде есте қалды.



КӨШПЕЛІ ӨМІР САЛТЫ

НЕГЕ ТУРИЗМ НЫСАНЫНА АЙНАЛМАЙ ОТЫР?

Қазақ халқының тілі, діні, ділі, дәстүрі мен таным-түсінігі осы тарихи кезеңдерде сан түрлі қысымға ұшырап, нәтижесінде өз түп-тамырынан, ұлттық ерекшелігінен ұялатындай күй кешіп, өзгенікін жоғары санайтын ұрпақ қалыптасты.

Елімізде тәуелсіздік алғаннан бері отарлық сана мен кіріптарлық күйден арылуға бағытталған түрлі ұмтылыстар жасалып, қоғамда біртіндеп оң өзгерістер де байқалып жатқаны рас. Мысалы, этно ұғымды дамытып жатқан кәсіпкерлік бастамалар ретінде «Тары» кафе-сетінің өзегінде – дәстүрлі тарыға негізделген авторлық десерттер мен сусындар ұсынылатын, ұлттық дәстүр мен заманауилықты үйлестірген этнокафелер ашылып жатыр. Дегенмен, әлі де тереңде жатқан отарлық комплекстер мен ішкі кедергілер толығымен жойылды деп айту қиын. Мысалға, бүгінде халық арасында: «Біз Шыңғыс ханнан бұрын ақ нәсілді, көк көзді ұлт едік, бізді «бұзып» кеткендер — моңғолдар» деген мазмұндағы нарративтер көп тарап жатыр. Сонда қазақ халқының әлі де өзін «үстем» ұлттан төмен санап, мәдени және психологиялық тәуелділігі бар екенін анық байқаймыз. Нағыз еркіндікке ұлт өз тамырынан нәр алып, өзіндік бағыт ұстаған жағдайда ғана жете алады.

Осы мақсатты жүзеге асыруға жол ашатын нақты, пәрменді жолдардың бірі – көшпелі мәдениетті негіз еткен туризмді дамыту. Көшпелі туризм – бұл қазақ халқының дәстүрлі көшпелі өмір салтын, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін бетпе-бет табиғи болмысында сезінуге мүмкіндік беретін этномәдени бағыттағы туризм түрі. Көшпелі саяхатты сезінемін деген әрбір қонақ қазақтың көшпелі өмір салтын тек бақылап қана қоймай, соның бел ортасына енеді. Саяхатшылар әдеттегі салтанатты қонақ үйдің орнына киіз үйде түнеп, таңғы салқынмен мал өргізуге қатысып, одан басқа қымыздың бабын біліп, қолөнер шеберлерінен ұлттық бұйым жасаудың сырын үйренді. Көкпар, қыз қуу, теңге ілу сияқты ұлттық ойындар көрініс ретінде ғана емес, шынайы тәжірибе ретінде ұсынылады. Көшпелі туризмнен қазақ ұмыт болған рухымен қайта қауышуға мүмкіндік алса, өзге елден келген саяхатшылар ой санасын кеңейту мүмкіндігіне ие болады.

Көшпелі туризм – ұлт рухын оятумен қатар, ел экономикасын ілгерілететін қуатты құрал. Аспан тілдескен ғимараттар, заманауи көшелер қазіргі әлем саяхатшыларын жалт қарата алмайды. Неге? Себебі, бұндай өркениеттер әлемнің түкпір-түкпірінде қайталанып жатыр. Менің ойымша, көмескеде көміліп жатқан біздің төл мәдениетімізді қайта жаңғыртсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Оның дәлелі – көршілес Моңғолия елі. Моңғолия елінің инфрақұрылымы біздің елге қарағанда көш артта болса да, әлемнің ағысы болған жаңа желіні ұтымды пайдалана білді. Мәселен, Моңғолия мемлекеті әлеуметтік желінің жастар арасында маңыздылығын жете түсініп, қалада өскен жастарды дархан табиғатқа эстетикалық видеолар арқылы және микро-блогер саяхатшылар арқылы тарта бастады. 2024 жылы бұл елдің шекарасынан 7,179 миллион адам өткен, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 34,6%-ға көп. Соның нәтижесінде кірісі 1,5 миллиард АҚШ долларына жеткен. Бұл көрсеткіштің өзі шетелдік қызығушылықтың қаншалықты өскенін аңғартады. Айта кетерлігі, шетелдік туристердің 32,1%-ы Еуропа және АҚШ-тан келген екен. Бұл Моңғолия туризмі тек көршілес нарықпен шектелмей, жаһандық деңгейге шығып отырғанын дәлелдейді. Туристердің басым бөлігі көшпелі өмір салтымен танысу үшін келеді. Туризмнің дамуы кілең саяхатшылармен ғана шектелмейді, бұл ұзақ мерзімді болашақта сол елдің мәдениет, спорт сияқты салалардың әлемге танылуына түрткі болады. Мысалға, батыс елдерінің Моңғолияда тұрып жатқан бүркітші қазақ қызының өмірі жайлы түсірген фильмі ағылшын әлемінде айрықша аңыз қозғады. Фильмде көрсетілген құсбегілік қазақ мәдениеті болғанымен, әлем оны Моңғолияның көшпелі мәдениеті ретінде қабылдады. Бұл да біздің егеменді ел ретінде әттеген-айымыз, бір кем дүниеміз!

Мен жас ұрпақ ретінде ағылшын тіліндегі контентті көп шоламын. Сонда менің бір байқағаным, шетелдіктер көшпелі туризм жөнінде ауызға алғанда көбінде Моңғолия мен Қырғызстанды атап өтеді екен. Бұл арада біреудің қаңсығын, өзіме таңсық қылып отырған жоқпын. Қайта, өркендеген елдердің біздің төл мәдениетімізді қызыға қабылдай бастаған мүмкіндігін пайдаланып қалғым келіп тұр. Қысқасы, көшпелі мәдениетті дамытудың қазақ елі үшін ауадай қажет екенін аңғарамыз.

Әр азамат өз елінің дамуғанын қалайды. Мен де көшпелі туризмнің төрт тұрманы түгенделіп, жеті құрлықтан саяхатшылардың елімізге ағылып, көшпелі мәдениетіміздің халықаралық деңгейде көрінуін қалаймын.

Айзат СЕРІКБЕК



АҚЫЛЫ ОҚУ – АУЫР ЖҮКТЕМЕ

Кейінгі жылдары Қазақстанда жоғары білімге қол жеткізу жолдары кеңейіп келеді. Ұлттық бірыңғай тестілеуді (ҰБТ) бірнеше рет тапсыру мүмкіндігі енгізіліп, талапкерлерге мемлекеттік грант жеңіп алу үшін түрлі жолдар қарастырылған. Алайда қанша тырысса да, грантқа іліге алмай, ақылы бөлімге түсуге мәжбүр болып отырған жастар саны аз емес.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Қазақстанда жыл сайын 70 мыңнан астам білім гранты бөлінсе де, талапкерлер саны одан бірнеше есе көп. Әсіресе педагогика, IT, медицина сынды бағыттарға деген сұраныс жоғары. Бірақ грант саны шектеулі, ал конкурс қатаң. Жоғары балл жинаған талапкердің өзі кейде грантсыз қалып жатады. Мәселен, 2024 жылы Ғылым және жоғары білім министрлігі 75 мыңнан астам грант бөлген. Алайда ҰБТ тапсырған талапкерлер саны – 300 мыңнан асты. Яғни, 4 талапкердің біреуі ғана грантқа қол жеткізді. Мұндайда тек бір ғана жол бар – ақылы оқу.

Қазақстанда жоғары оқу орындарындағы оқу ақысы жылдан-жылға өсіп келеді. Мәселен, өңірлік университеттердің өзінде жылдық ақы 700-900 мың теңге шамасында болса, ұлттық университеттерде бұл көрсеткіш 1,5-2 миллион теңгеге дейін жетеді. Бұл – орташа жалақы алатын отбасы үшін аса ауыр салмақ. Бір айналуы тиіс маңызды мәселе. Бұл бағытта: білім несиесін мемлекет тікелей субсидиялап, 0-2% мөлшерінде қарыз беру; қарызын жұмысқа орналасқаннан кейін ғана төлеу (жеңілдік мерзімі 2-3 жыл); көпбалалы, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан жастарға несиені қайтарымсыз грантқа айналдыру сияқты тәсілдерді қолдануға болады. Кейбір университеттер өз есебінен үздік студенттерге жеңілдіктер, оқу ақысының жартысын жабу, еңбекпен өтеу жолдарын ұсынып жүр. Бұл да ұтымды әдіс. Оқу үлгеріміне салқынын тигізбеу шарты астында студенттерге жартылай жұмыс істеп, оқуымен қатар табыс табуға мүмкіндік жасау да қажет.

Қазақстанда жоғары білім – тек жеке тұлғаның емес, бүкіл ұлттың болашағын айқындайтын стратегиялық сала. Алайда қазіргі таңда, жоғарыда айтқанымыздай, ақылы білім алу – көптеген жас пен оның отбасына аса ауыр қаржылық жүк болып отыр. Мемлекеттік гранттың шектеулігі, оқу ақысының жыл сайын шарықтауы, білім несиелерінің тиімсіздігі – бұлардың барлығы елдегі әлеуметтік теңсіздікті тереңдете түсуде. Жоғары білімге қол жеткізу тек қалталы отбасының баласына ғана оңай болып бара жатса, онда біз «баршаға бірдей мүмкіндік», «әлеуметтік әділеттілік», «меритократия» деген ұғымдардың мәнін жоғалта бастаймыз. Жастардың оқуға түсуі, маман болып шығуы – жеке бастың ғана емес, тұтас елдің адами капиталына салынатын инвестиция. Бұл инвестицияны мемлекет, бизнес, қоғам бірлесіп көтеруі тиіс. Грантқа түсе алмаған, не оқу ақысын төлей алмаған жастардың бойында күйзеліс, өзіне деген сенімсіздік, әлеуметтік торығу пайда болуы да мүмкін. Бұл – қоғам үшін елеусіз, бірақ маңызды мәселе.



Ақылы бөлімде оқитын жастардың жүгін жеңілдету – оларды борышқа батырмай, болашағына сенімді ету деген сөз. Ал ата-аналарға түсетін салмақты азайту – елдегі әлеуметтік тұрақтылық пен халықтың мемлекетке деген сенімін арттырудың алғышарты. Мақсат – тек диплом санын көбейту емес. Мақсат – әрбір жастың білім алу құқығын қорғау, сол білім арқылы өз әлеуетін іске асырып, қоғамға пайда келтіре алатын азаматқа айналуына жол ашу. Бұл – мемлекет үшін де, ұлт болашағы үшін де ұтымды шешім. Ендеше білім жолында жүрген әрбір жастың жүгін бірге көтеру – баршамызға ортақ парыз.

№91 (4835) 05/08/2025 Сейсенбі

БАЛАНЫ КІТАПҚА ҚАЛАЙ ҚЫЗЫҚТЫРАМЫЗ?

Төлен ТІЛЕУБАЙ



Жаз – балалар үшін демалыс мезгілі. Бірақ ала жаздай ойынның қызығымен жүріп, үш айда бірде-бір кітаптың бетін ашпаған бала күзде сабақ басталғанда бар білгенін ұмытып қалуы мүмкін. Олай етпес үшін онымен дос болғаны абзал. Күн сайын тым болмаса 1 сағат уақытын кітап оқуға бөліп, үйдегі үлкендермен шығарма туралы ойын ортаға салып отырса, қандай керемет! Өйткені, кітап оқыған баланың қиялы сергек болады, оқу дағдысы дамиды, сөйлеу шеберлігі мен есте сақтау қабілеті арта түседі.

ОҚУ АЗАП ЕМЕС!

Шындығында оқудан қолы босаған балалар сағаттап интернетте, әлеуметтік желілерде «отырады». Өзіне не керегін білмейді. Желідегі ақпаратты сапырып қарап, уақытын «өлтіреді». Бұл әрекет номофобияға шалдықтырады. Ия, ол да аурудың бір түрі. Смартфонсыз қаламын ба деген үрей тудырған дертке әлемде гаджет қолданатын жандардың 90 пайызы шалдыққан. Әке-шешесінің я болмаса үлкендердің тарапынан бақылаудың жоқтығы баланың санасына қауіп төндіруде. Не істеу керек? Бұл жердегі қауіптен баланы да, әке-шешесін де құтқаратын жолдың бірі – кітап оқу.

БАЛА НЕГЕ ҰНАТПАЙДЫ?

Қазір кітап оқитын балалар көбейіп келеді. 6-14 жас аралығындағы балалардың 70 пайызы кітап оқуға қызығады. Ал 15 жасқа толған балалардың арасында бұл көрсеткіш бәсең. Оның бір себебі – 6 жасынан бастап кітап оқуға дұрыс баулымау, үстірт қарау, баланы кітап оқуға мәжбүрлеу. Егер ата-әжесі, әке-шешесі кітапқа қызықпайтын баланы күшпен оқуға мәжбүрлесе, оның санасында кітап оқу азап деген ұғым қалып қояды. Өйткені, кітап оқу ойнауға, теледидар көруге, смартфон қолдануға кедергі келтіреді. Психолог-мамандар баланың кітапты жек көрушілігін туғызатын себептерге: кітап оқу әдетінің болмауын, қызықтырмайтын кітаптарды, мәтін оқудағы кемшіліктерді, ынталандырудың жетіспеушілігін жатқызады. Расында да қазір теледидардың өзін сирек көретін балалар интернеттегі бейне ойындарға көп уақытын жұмсайды. Ондай балаларға кітап оқу көңілсіз және қызықсыз іс болып көрінеді. Баланы бір оқығаннан қызықтырып, елітіп әкетпейтін кітап ықыласының жойылуына әкеледі. Кейбір балалар жастайынан кітап оқуға дағдыланбаса оқуға қиналады. Олар үшін кітап оқу қиын әрі шаршататын іс. Мектепте жазда оқуға берілетін кітаптардың тізімінде бала қызықпайтын кітаптар кездеседі. Көп бала үшін міндеттелген нәрсе қарсылық туғызады. Ондай кезде кітап оқу ешқандай да рахат сыйламайды.

ҚАНДАЙ ЖОЛЫ БАР?

Үш айға демалысқа шыққан балаларды кітап оқуға қызықтыру қиын емес. Бұл жерде әр адамға мұқияттылық, сауаттылық керек. Өз тарапымнан алты түрлі қадамды ұсынамын.

Бірінші қадам – баламен бірге кітап оқитын жайлы жер дайындау. Кітап оқуға ыңғайлы, жайлы, әдемі жер таңдау да қызықтыруға әсер етеді. Бала өзінің босаңсығанын сезінгенде, назарын аударатын еш нәрсе болмағанда, оқыған ақпаратын әсерлі, шынайы қабылдайды. Ол үшін кітап сөресі тұрған бөлмедегі жұмсақ орындыққа отырып, үстелшамды жағып қою да жеткілікті.

Екінші қадам – баламен бірге оқу. Өзіне оқытқаннан гөрі, анасымен не әкесімен бірге оқу кітап әлеміне қызықтырудың тамаша тәсілі. Әуелі анасы немесе баласы, я болмаса керісінше кезектесіп оқыса, әсерлі әрі қызықты болары анық. Бірінші беттен бастап дауыстап оқуды ұмытпаңыз. Кейіпкерлердің диалогтарын интонациямен жеткізсеңіз, балаға керемет әсер сыйлайсыз. Әр тарауды оқып біткен соң, шағын талқылау жасаңыздар. Қай кейіпкердің ұнағанын немесе ұнамағанын сұраңыз.

Үшінші қадам – бала оқитын кітабын өзі таңдасын. Оның қызығушылығына сәйкес келетін кітапты таңдаңыз. Ол көркем шығарма да, қиял-ғажайып комикс те, жануарлар не спорт түрлері туралы жинақ та болуы мүмкін. Баланың қызығушылығына сәйкес келетін кітапты толық оқитыны анық. Кітап дүкеніне немесе кітапханаға барып, сондай кітапты тауып алыңыздар.

Төртінші қадам – кітаптың ең қызықты деген жерлеріне келгенде үзіліс жасап, далаға шығыңыздар, я болмаса ас үйге барып, шай ішіңіздер. Бұл тәсіл балаға кітапты әрі қарай қызығып оқуға көмектеседі. Ол оқиғаның немен біткенін білгісі келіп, тағатсыздана күтеді.

Бесінші қадам – әке-анасы немесе ата-әжесі жақсы үлгі-өнеге көрсете білсе, нәтижесі бірден байқалады. Егер үйде балалар әкесі не анасы қызықты кітап оқып, содан рухани ләззат алып отырғанын көрсе, ұқсағысы келіп, қолына кітап алады. Тіпті, кітаптағы қызықты оқиғаны балаға дауыстап оқып не әңгімелеп беріңіз.

Алтыншы қадам – кітап оқуды күн тәртібіне жазып қана қоймай, әдет қылып қалыптастырыңыз. Мысалы, ұйқыға жатар алдында, түскі сағат 12-ге дейінгі уақытта отбасы мүшелері түгел кітап оқу дәстүрін енгізіңіздер. Тұрақты түрде кітапқа үңілген баланың бойында тамаша әдет пайда болады, ол өмірінің бір бөлшегіне айналады.

ТАЛҒАМҒА САЙ ШЫҒАРМА ТУА МА?

«Қазір қазақ тіліндегі балаларға арналған кітаптарды табу қиын», «Шет тілдерінен аударылған кітаптардың мазмұны балаға қабылдауға ауыр», «Баланың талғамы мен сұранысына сай келетін шығармаларды қайдан сатып алуға болады?», «Тілі жеңіл, баланы жалықтырмайтын оқиғалары бар қызықты кітапты кім біледі?» деген сауалдарды әлеуметтік желілерден оқып, көріп жүрміз. Қазіргі балалар әдебиетінің басты мәселесінің бірі – заманауи шығармалардың аздығы, яғни балаларға арналған жаңа, қызықты, қазіргі заманға сай шығармалар жеткіліксіз. Сонда қазіргі балаларға қызықты әдебиет жазу үшін авторлар қандай бағытқа назар аударуы тиіс?

Қызықты әдебиет, қызықсыз әдебиет демей, қызықты шығарма немесе қызықсыз шығарма дейік. Иә, балаларға арналған шығарманың қызықты болуы үшін, ол сол балаға ұнауы керек. Назарын аударуы қажет. Қызықтыруы тиіс. Бұл үдеден шығатын шығарма жазатын автор қазіргі балалардың мінез-құлығын, сана-сезімін, ақыл-түйсігін терең зерттеп, не нәрсеге қызығатынына көңіл бөлгені абзал. Әрине, күрделі де қиын іс. Алайда қиын деп отыра беретін болсақ, қазақ балаларын басқа тілдегі авторлар қызықтырып, өзіне тартып алады. Онсыз да кітап оқуға құлықсыздық басым. Әлеуметтік желілер күн сайын жарқ-жұрқ еткен дүниелермен баланың назарын өзіне аударып жатқан заманда қандай қызықты шығарма жазылуы керек? Шағын повестер. Шағын әңгімелер. Шағын ертегілер. Қызықты өлең-жырлар. Заманауи комикстер. Комикстердің аудармасы деген де мәселе бар. Ол аудармаларды белгілі бір сүзгіден өткізетін көркемдік кеңес, құзырлы комиссия деген жоқ. Әркім өз шамасына қарай аударып, шығарып жүр. Меніңше, осы бағыттарға Үкімет те, балалар жазушылары да дұрыстап көңіл бөлетін уақыт келді.

ТАРТЫМДЫ ЕТУ ТЕТІГІ ҚАЙСЫ?

Қазір қазақ балалар әдебиетінде комикс пен иллюстрациялық кітаптардың аздығын көріп жүрміз. «Аруна» баспасы шығарған кітаптардың мазмұны шағын, қағазы қалың, бағасы қымбат. Әр үйдің балалары сатып алып, оқи алмайды. Иллюстрациялық кітаптарға «Бэтмэн», «Өрмекші адамды» емес, заманауи ұлттық қаһармандарымызды бейнелесек, ұтамыз. Мысалы, орыстың «Маша мен аю», «Мысықтар отбасы» сияқты мультфильмдерді қазақ балалары неге тапжылмай отырып көреді?! Оларда мейірім, адамгершілік, ізгілік тақырыбы менмұндалап тұрады. Баланың жүрегі мейірімге сусайды. Ал ол қай тілде болғаны маңызды емес, бір көргеннен ұнаса, қайталап та көре береді. Сол сияқты, балаға бірден әсер ететін шынайы ізгіліктің дәнегін себетін аниме, комикс, иллюстрация өнімдеріне кітап дүкендерінің сөрелерін толтырып тастасақ, балалар бір көргеннен қызығады. Қазақ балалар әдебиетінде тақырып жетерлік. Тек, сол тақырыпты баланың талғамына сай ұсынуға келгенде дағдарыс бар сияқты. Жасандылық көзге көрініп тұрады. Әрине, бізге логикомикс сияқты өнім жасау қиын. Десек те, ниет етсек бәрін жүзеге асыруға болады.

Сөздің шындығы сол, бүгінгі балалар тек кітап оқып, теледидар көріп өсіп келе жатқан ұрпақ емес. Интернет біздің өмірімізге дендеп енгеннен бері соның игіліктерін толық пайдалана алатын буын өсіп келеді. Қазір кез келген жастағы баланың қолына смартфон берсең, суда жүзген балықтай тетіктерін басып, өзіне қызықты дүниелерді тауып алады. Өкініштісі сол, интернетте мемлекеттік тілдегі туындылар аз. Сол себептен ата-аналар балаларының қолына смартфон ұстатқанда «Маша мен аю», «Күшіктер музейі», «Барбоскиндер», «Лунтик және оның достары» сияқты ең танымал мультфильмдерді қосып береді. Мысалы, YouTube-та «Маша мен аю»-ны 2,2 миллиард адам көреді екен. Әлем халқының 20 пайызы осы туындыны тамашалайды. Әзірше, қазақ тіліндегі мұндай өнім жоқ. Телеарналарда да, интернетте де қазақ тіліндегі балалар контенті жұтаң деп отырғанымыз осыдан. Интернеттегі контентпен тілі шыққан балалар көркем шығарма оқыса түсінбейді.

АСТАНА ТАЙТӨБЕДЕН БАСТАЛАДЫ

Сарыарқаның қос өзені Есіл мен Нұра бір-біріне жақындаған жадағай, жайлы өлкеде Тайтөбеден биік жер жоқ. Оның басына шықсаң, көз жетер маңайдың бәрі алақанға қойғандай көрініп тұрады.

Нұра Тайтөбені оң жағымен шығыстан айналып өтеді де, содан әрі Қорғалжын қопасы арқылы Теңіз көліне қарай тіке тартады. Егер осы алаңға құс қанатының үстінен қарасақ, Тайтөбенің өзенге бір жағынан кіріккен түбек сияқты жер екенін аңғарар едік. Осылайша Тайтөбе тек батысынан, яғни қазіргі Астана жағынан ғана ашық табиғи бекініс. Ертеде жаугершілік заманда төбенің батыс алқабын алыстан орағытқан, өзеннің бір қылта тұсынан шығып, келесі бір бұралаң тұсына дейін тікелей тартатын терең ор болған шығар деп ойлаймын. Сарыарқа жерінде мен көріп жүрген ортағасырлық қалалардың фортификация және жан сақтау мәдениетінің бір белгісі осы ор. Ортағасырлық қоныстардың барлығы да, әсіресе хан мен сұлтандардың ордалары, осылайша тұтқиыл шабуылдардан қорғанады. Біз Өлеңтінің Әулие көлге құятын тұсынан Ақкөл Жайылма қалашығын зерттегенімізде, оны да алыстан ораған терең ордың ізі сақталғанын анықтаған едік.

Тайтөбенің Нұра өзені жағында ескі қалашықтың, үлкен қоныстың орны жатыр, егер зерттеушілер арнайы уақыт бөліп, төбенің жан-жағын шұқылап қараса, бұл жерден қадым заманның бірталай ескерткіштері шығайын деп тұр. Ең бастысы, біз Тайтөбенің ұзақ уақыт қорғануға ыңғайлы, оның үстіне адамы да, малы да судан, азықтан тарықпайтын Нұраның табиғи арнасы мен қолдан жасалған саласы арасына орналасқан жер екенін аңғардық.

Біздің қолымыздағы барлық деректі салыстыра қарасақ, өзгеше көрнекті, бертінде қазақ «Ақ мола» атап кеткен ортағасырлық кесене Тайтөбенің басында тұрған. Кейбір зерттеушілер «мола» атауы Антика дәуірінің (antiquitas – көне Грек және Рим (Ұрым) өркениеті кезеңі) тарихшыларының еңбектерінде кездеседі деген пікір айтады. Солардың бірі Прокопий (Procopius Caesarensis) «мола» сөзін «қамал» мағынасында қолданады, осыған байланысты «Ақмола» атауын «Батыстағы қамал» деп түсіндіру бар. Біз Ақмоланың алғашқы нұсқасы қалай болғаны туралы ештеңе де айта алмаймыз, кесене де, оның жанындағы мұнара да толық қираған, ал олардың әлі де сақталған іргетасын арнайы зерттеп, қазба жұмыстарын жүргізген ғалым болмады. Тайтөбе басында күйдірілген кірпіш ізі жоқ, осыған қарағанда, Ақмола «Домбауыл», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» ескерткіштері сияқты «Дың» түрінде саман кірпіштен қаланған шошақ құрылыс болды ма деп жобалаймыз. Кезінде биіктігі бірнеше метр болғаны, диаметрінің өзі оншақты метр екендігі көрініп тұр. Осы кесененің жанында орналасқан сақ, ерте ғұн дәуірінің қорған-обаларын К.Ақышев жартылай зерттеді. Әрине бір мың жылдан аса аяқасты болып жатқан ескерткіштер тозады, дегенмен Тайтөбенің көне тарихынан хабар беріп тұрған қорған-обалар маңызды. Күтім керек-ақ. Сөз жоқ, қазақтың Ақмола болып, ел есінде қалған кесене мен қарауыл мұнарасының ғұмыры – кемі мың жылдың ар жағы. Оның не себептен Ақмола атанғаны белгісіз, мүмкін сыртқы сылағы ақ балшық болды ма екен? Қазіргі күні де Тайтөбенің маңайынан ақ балшықты қазып алып жатқан елді көресіз. Подполковник Шубин Ресей басшылығының тапсырмасымен Ақмола округін ашамын деп келген 1830 жылдары ол кесене жартылай бар болатын, осылайша Нұраның Тайтөбе жағы ескерткіштің атын сақтап қалды (Ресей деректерінде «урочище Акмула» аталады) – деп көрсетілген.

1830 жылдары біз Тайтөбе маңында Сәмеке ханның немересі Қоңырқұлжа Құдаймендіұлын жиі көреміз. 1838 жылы Кенесары ханның қозғалысы кезінде Тайтөбе атауы саяси оқиғалардың контексінде соңғы рет аталды да, кейін белсенді айналымнан шығып қалды. Бірақ Тайтөбе қазақ сөзін білетін адамдардың жадынан шығуы мүмкін емес. Себебі бұл атау – қазақ халқының эпикалық жырларына еніп кеткен белгілі топонимдердің бірі.

«Қараөткел құпиялары» кітабынан алынды

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 29.07.2025 №510-2563

Реквизициялау тәртібінде жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 91-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 37-бабына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 736 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 1225 қаулысымен бекітілген Астана қаласының апатты және тұрғын үйлерін жаңғырту бағдарламалары, Астана қаласы әкімінің 2025 жылғы 24 маусымдағы № 182-10 «Жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы» шешімімен, соңдай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 1,2-қосымшаларға сәйкес 2025 жылғы 13 қазаннан бастап 2026 жылғы 13 қазанға дейін мүлікті, оның ішінде жалпы ауданы 2,0933 га жер учаскелерін реквизициялау тәртібінде мәжбүрлеп иеліктен шығару жүргізілсін.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма), осы қаулы жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей, тұрғын және тұрғын емес орын-жайлардың меншік иелеріне жер учаскелері мен жылжымайтын мүліктің алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте тұрғын және тұрғын емес орын-жайлардың меншік иелерін көшіруді жүргізсін.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. ҚАСЫМБЕК

Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы «29»__07__ № 510-2563 қаулысына 1-қосымша

Реквизициялау тәртібінде мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелері

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі	Жер учаскесінің ауданы (ш.м)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-319-004-438	Бекбаева Сауле Рамазановна Нургалин Казбек Ниязович Адилова Гульнара Жумагалиевна, Адилов Ерлан Ондашович Акпарова Куралай Казкеновна	1668	1668	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Қарталы көшесі, 30-үй, 4-пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Қарталы көшесі, 30-үй, 1-пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Қарталы көшесі, 30-үй, 2-пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Қарталы көшесі, 30-үй, 3-пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
2.	21-319-013-240	ҚҚ (ПИК) тұрғын үй-жайлардың меншік иелері - тұрғын үй кондоминиумының қатысушылары Сейфуллин Азамат Амантаевич, Сейфуллина Махаббат Оралбаевна	1146	1146	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Ыбрай Алтынсарин көшесі, 6/2 үй	Тұрғын үйді пайдалану Сұлулық салонды пайдалану	Жалпы үлестік меншік
3.	21-319-015-040	ҚҚ (ПИК) тұрғын үй-жайлардың меншік иелері - №19 тұрғын үй кондоминиумының қатысушылары	384	384	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 19-уч.	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
4.	21-319-015-316	Ахматзина Рашида Минахметовна Оразбеков Оракбай Амантаевич Амирова Нурсауле Султанбековна, Чибентаев А.С. Чибентаева А.С. Кумакбаева Ыкылас	1374	1374	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 44-үй, 3-пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 44-үй, 2-пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 44-үй, 4-пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 44-үй, 1-пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
5.	21-319-015-419	Клеков Канат Саттарович Сейтмухаметова Гульнара Куанышбековна, Тамабаева Венера Куанышбековна	734	706	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 42-үй, 4-пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 42-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
6.	21-319-015-418	Амантаева Кымбат Гафиуллина Алтынай Семендаровна, Гафиуллин Руслан Маратович Джакупбеков Мурат Токенович, Джакупбекова Зауреш Омаровна, Джакупбеков Куандык Муратович, Джакупбеков Меирлан Муратулы	737	737	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 40-үй, 3 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 40-үй, 4 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 40-үй, 1,2 пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
7.	21-319-015-417	Сыздыков Мырзагельды Нуртаевич, Погудо (Повар) Екатерина Александровна Адилова Сауле Ахметовна	625	625	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 38-үй, 1 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 38-үй, 2 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 38-үй, 3 пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
8.	21-319-015-416	Тарлажан Александра Сергеевна, Тарлажан Александр Александрович Исенов Серик Жуакышевич, Исенова Фатима Кафисовна Ерназаров Ерман Джанабергенович, Ерназарова Багидаш Ахметжановна, Ерназарова Мариям Ермановна «International Clinic of Asia» ЖШС	1208	348	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Мәскеу көшесі, 11/1 үй, 4 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Мәскеу көшесі, 11/1 үй, 1 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Мәскеу көшесі, 11/1 үй, 3 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Мәскеу көшесі, 11/1 үй, 2 пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
9.	21-319-012-292	Кыпшакбаева Айдана Нурлановна, Берденова Жадыра Аменовна Тихонина Нина Петровна, Тихонин Валерий Евгеньевич Жалелова Кульшай Ибрагимовна, Жалелов Серик Камкенович Колесникова Ольга Васильевна Дамебаева Кунсулу Махметжановна, Дамебаев Еркин Адильбекович, Дамебаев Бейсен Адильбекович	1118	1118	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Г. Потанин көшесі, 7/3 үй, 6 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Г. Потанин көшесі, 7/3 үй, 4 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Г. Потанин көшесі, 7/3 үй, 3 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Г. Потанин көшесі, 7/3 үй, 5 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Г. Потанин көшесі, 7/3 үй, 1 пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
10.	21-319-012-121	Каракенов Темирлан Уалиханович Хаменова Бахыт Ермековна Каракенова Сараш Жумабековна	589	589	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Г. Потанин көшесі, 7/2 үй, 2 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Г. Потанин көшесі, 7/2 үй, 4 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Г. Потанин көшесі, 7/2 үй, 1 пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
11.	21-319-012-091	Кульмаганбетова Асима Акановна Альжанова Тамаша Шаяхметовна, Кибатуллов Дидар Қибадуллаұлы Калахова Гульнара Махановна, Калахов Едил Алышпаевич	778	778	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Г. Потанин көшесі, 7/1 үй, 3 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Г. Потанин көшесі, 7/1 үй, 2 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Г. Потанин көшесі, 7/1 үй, 1 пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
12.	21-319-012-152	Закревская Юлия Анатольевна Елюбаева Сагыля Жолдыбаевна Елюбаев Сансызбай Ермекович	700	700	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, А. Молдағұлова көшесі, 15/2 үй, 3 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, А. Молдағұлова көшесі, 15/2 үй, 1 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, А. Молдағұлова көшесі, 15/2 үй, 2 пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
13.	21-318-129-332	Тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері-Нұрлыжол көшесі мекенжайындағы № 33 тұрғын үйдің кондоминиумына қатысушылар	2110	2110	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Нұрлыжол көшесі, 33-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
14.	21-318-129-257	Байгабулова Гульмира Имантаевна, Байгабулов Кайрат Амангельдинович Жанузакова Мадина Муратовна Токтамысова Алмаш Тулегеновна Данишев Рыспек Калымбекулы Муканова Корлан Абдикадыровна Рахимжанова Бибигуль Кожигалиевна Алпыспаева Шолпан Зекеновна Хасанова Жанар Жумабаевна Байзакова Айгуль Сериковна	1570	1570	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Бозоқ көшесі, 35-үй, 1-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Бозоқ көшесі, 35-үй, 2-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Бозоқ көшесі, 35-үй, 9-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Бозоқ көшесі, 35-үй, 6-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Бозоқ көшесі, 35-үй, 4-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Бозоқ көшесі, 35-үй, 8-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Бозоқ көшесі, 35-үй, 3-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Бозоқ көшесі, 35-үй, 7-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Бозоқ көшесі, 35-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
15.	21-318-129-405	Умирзакова Гульнар Еркеновна, Умирзаков Куаныш Шортанбаевич Гагаев Руслан Мухарбекович, Гагаева Йижан Руслановна, Гагаев Омар Русланович, Гагаев Рустам Русланович Куренькова Анна Павловна Казаку Махлима Кабикеновна Абдрахманова Меруерт Токеновна Кайырбекова Шайза Диханбаевна Искаков Мендыгалей Кангереевич Садвакасова Куляшь	2619	2619	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Бозоқ көшесі, 37-үй, 3-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы , Бозоқ көшесі, 37-үй, 1а-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Бозоқ көшесі, 37-үй, 5-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Бозоқ көшесі, 37-үй, 1-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Бозоқ көшесі, 37-үй, 2-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Бозоқ көшесі, 37-үй, 9-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Бозоқ көшесі, 37-үй, 4-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Бозоқ көшесі, 37-үй, 2а-пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
16.	21-318-129-369	Островская Светлана Францевна Отыншын Алмабек Қуандықұлы Баяхметова Айгуль Салимовна Баяхметова Айгуль Салимовна Хасенов Мурат Кинетаевич Мукашев Адилхан Бакытжанович Манченко Наталья Валентиновна Нурмаганов Казбек Есенгельдинович Искакова Бибагуль Кабиденовна Островская Светлана Францевна	2511	2511	Астана қаласы, «Сарайшық ауданы, Көксай көшесі, 39-үй, 5-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық ауданы, Көксай көшесі, 39-үй, 3-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық ауданы, Көксай көшесі, 39-үй, 9-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық ауданы, Көксай көшесі, 39-үй, ТЕО-1 Астана қаласы, «Сарайшық ауданы, Көксай көшесі, 39-үй, 2-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық ауданы, Көксай көшесі, 39-үй, 8-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық ауданы, Көксай көшесі, 39-үй, 10-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық ауданы, Көксай көшесі, 39А Астана қаласы, «Сарайшық ауданы, Көксай көшесі, 39-үй, 1-пәтер Астана қаласы, «Сарайшық ауданы, Көксай көшесі, 39-үй, 6-пәтер	Тұрғын үйді пайдалану Үй-жайды пайдалану	Жалпы үлестік меншік
17.	21-319-012-398	Рахманова Татьяна Анатольевна, Зафирис Анатолий Афанасьевич, Зафирис Валерия Анатольевна Ахметчин Наиль Ринатович	855	855	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Ә. Молдағұлова, 15/1 үй, 1 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Ә. Молдағұлова, 15/1 үй, 2 пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
18.	21-319-005-642	ТҚК Жеңіс-12 кондоминиумға қатысушылар Балтаев Кайырбек Зулпыхарович Кострубин Владимир Борисович Молха Данат Серикбаевич	1095	1095	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Бұланты көшесі, 4-үй Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Бұланты көшесі, 4-үй Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Бұланты көшесі, 4-үй, ТЕО-1 Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Бұланты көшесі, 4-үй, ТЕО-4	Тұрғын емес үй-жайды пайдалану	Жалпы үлестік меншік

Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы «_29_»___07___ №510-2563 қаулысына 2-қосымша

Реквизициялау тәртібінде мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жылжымайтын мүлік объектісі

р/с №	Жылжымайтын мүлік объектісінің меншік иелері	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (кв.м)	Жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері
1	2	3	4
1.	Орналасқан тұрғын үйлердің иелері мекен - жайы: Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Қарталы көшесі, 30-үй	1668	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Қарталы көшесі, 30-үй
2	ҚҚ (ПИК) тұрғын үй-жайлардың меншік иелері Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Ыбырай Алтынсарин көшесі, 6/2 үй мекенжайындағы тұрғын үй кондоминиумына қатысушылар	1146	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Ыбырай Алтынсарин көшесі, 6/2 үй
3.	ҚҚ (ПИК) тұрғын үй-жайлардың меншік иелері Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 19 уч. мекенжайындағы №19 тұрғын үйдің кондоминиумына қатысушылар	384	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 19 уч. мекенжайындағы №19 тұрғын үйдің кондоминиумына қатысушылар
4.	ҚҚ (ПИК) тұрғын үй-жайлардың меншік иелері Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 44-үй	1374	Астана қаласы, «Сарыарқа»ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 44-үй
5.	Орналасқан тұрғын үйлердің иелері Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 42-үй	706	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 42-үй
6.	Орналасқан тұрғын үйлердің иелері Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 40-үй мекенжайы бойынша	737	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 40-үй мекенжайы бойынша
7.	Орналасқан тұрғын үйлердің иелері Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 38-үй мекенжайы бойынша	625	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сарыбұлақ көшесі, 38-үй мекенжайы бойынша
8.	Орналасқан тұрғын үйлердің иелері Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Мәскеу көшесі, 11/1 үй мекенжайы бойынша	348	Астана қаласы, «Сарыарқа»ауданы, Мәскеу көшесі, 11/1 үй мекенжайы бойынша
9.	Орналасқан тұрғын үйлердің иелері мекен - жайы: Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, г. Потанин көшесі, 7/3 үй	1118	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, г. Потанин көшесі, 7/3 үй
10.	Орналасқан тұрғын үйлердің иелері мекен - жайы: Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Г. Потанин көшесі, 7/2 үй	589	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, г. Потанин көшесі, 7/2 үй
11.	Орналасқан тұрғын үйлердің иелері мекен - жайы: Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Г. Потанин көшесі, 7/1 үй	778	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, г. Потанин көшесі, 7/1 үй
12.	Орналасқан тұрғын үйлердің иелері мекен - жайы: Астана қаласы, "Сарыарқа"ауданы, А. Молдағұлова көшесі, 15/2 үй	700	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, А. Молдағұлова көшесі, 15/2 үй
13.	Тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері-Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы мекенжайындағы тұрғын үй кондоминиумының қатысушылары, Нұрлыжол көшесі, 33-үй	2110	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Нұрлыжол көшесі, 33-үй
14.	Орналасқан тұрғын үйлердің иелері Мекен-жайы: Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Бозоқ көшесі, 35-үй	1570	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Бозоқ көшесі, 35-үй
15.	Орналасқан тұрғын үйлердің иелері Мекен-жайы: Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Бозоқ көшесі, 37-үй	2619	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Бозоқ көшесі, 37-үй
16.	Тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері-Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы мекенжайындағы №33 тұрғын үй кондоминиумының қатысушылары, Көксай көшесі, 39-үй	2511	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Көксай көшесі, 39-үй
17.	Орналасқан тұрғын үйлердің иелері мекен - жайы: Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Ә. Молдағұлова, д. 15/1	855	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Ә. Молдағұлова, д. 15/1
18	Тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері-Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы мекенжайындағы №33 тұрғын үй кондоминиумының қатысушылары, Бұланты көшесі, 4-үй	1095	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Бұлан көшесі, 4-үй

№91 (4835) 05/08/2025 Сейсенбі

ҰЛЫ АҚЫН ӘЛЕМІНЕ АРНАЛҒАН

Ұлттық академиялық кітапханада ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Абай – тұтас бір әлем» атты көрме ашылып, белгілі жазушы Кәмен Оразалиннің қайта басылған «Абайдан соңғы арыстар» үш томдығының таныстырылымы өтті.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Іс-шараға белгілі ғалымдар мен қаламгерлер, зиялы қауым өкілдері қатысты. Атап айтқанда, филология ғылымдарының докторы, алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай, ҰҒА академигі Ерлан Сыдықов, филология ғылымдарының докторы Серік Негимов, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Абай академиясы» ғылыми зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты Жандос Әубәкір, белгілі ақындар Бауыржан Бабажанұлы, Қалқаман Сарин қатысып, ой-пікірлерімен бөлісті.

Көрменің мақсаты – Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын, өлеңдері мен қара сөздерін, аудармалары мен философиялық ой-толғауларын кеңінен насихаттау арқылы оның қазіргі қоғам дамуындағы маңызы мен рухани құндылығын тереңінен ашу. Көрме ұлы ойшылдың ұлт мәдениетіне қосқан өлшеусіз үлесін танытып, әлемдік деңгейдегі тұлға ретіндегі Абайдың орнын айқындауға, сондай-ақ жас ұрпақты адамгершілікке, рухани-мәдени құндылықтарға баулуға бағытталды. Көрмеге 184 кітап, 4 дәйек сөз және 8 сурет қойылды. Экспозиция бірнеше тақырыптық бөлімдерге бөлінген:

«Қалың елім, қазағым» бөлімінде Абайдың әр жылдары жарық көрген өлеңдер жинақтары мен поэмалары ұсынылған. Мұнда 1909 жылы Санкт-Петербургте шыққан алғашқы басылымнан бастап, кейінгі толық жинақтар қамтылған.

«Абай және музыка» бөлімі арқылы Абайдың ән мұрасы, музыкалық ықпалы, сондай-ақ оның әндерінің кейінгі опералық, симфониялық шығармаларға арқау болғаны баяндалған. «Абай әуендері», «Песенное творчество Абая», «Көңілімнің санасы» еңбектері қойылған.

«Абай – әлем тілдерінде» бөлімі Абай шығармаларының ағылшын, араб, француз, қытай, жапон, орыс және тағы басқа тілдерге аударылған нұсқаларын қамтыды.

«Абайдың дүниетанымы» бөлімі ақынның рухани және философиялық көзқарасы, гуманистік идеялары туралы сыр шертіп, адам болу іліміне негізделген еңбектеріне жетелейді.

«Абай мұрагерлерінің еңбектері» бөлімінде Абай шығармашылығын алғаш зерттеген және насихаттаған Алаш арыстары мен кейінгі буын абайтанушылардың еңбектері топтастырылған.

Биыл туғанына 105 жыл толып отырған жазушы Кәмен Оразалиннің «Абайдан соңғы арыстар» кітабы – қазақ халқының даңқты перзенттерінің ел тәуелсіздігі үшін күрескен кезеңін суреттеуге арналған эпикалық роман-трилогия.

«Алаш» өкіметі 1918 жылдың жазында Орынбор қаласынан Семейге қоныс аударғаны белгілі. Сонда оларды қазіргі Абай ауданының Шаған өзенінің бойында қарсы алу салтанаты болады. Оған Қызылжар, Қараөткел, Қарқаралы, Көкшетау, Кереку, Сергиополь, Зайсан мен Өскеменнің ел басшылары қатысады. Романда «Алаш» басшылары Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков іс-әрекеттері жанжақты суреттеледі. Шәкәрім, Абай баласы Мекайіл, Мұхтар Әуезов те барлық оқиғаға тікелей араласып отырады. Автор бұл еңбегінде халқымыздың ардагер ұлдарының асқақ бейнесін әр қырынан сомдап, жұртшылық санасында қайта жаңғыртуды мақсат тұтқан.



«ҚАСИЕТТІ КІТАПТАР» КӨРМЕСІ

Астанада әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі аясында Бейбітшілік және келісім сарайында «Турин Кебіні» және «Қасиетті кітаптар» атты екі халықаралық рухани-мәдени көрме ашылды.

Көрменің мақсаты – түрлі діни конфессиялардың тарихи және рухани мұрасын таныту, дінаралық түсіністік пен құрметті нығайту.

Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева артефакттерді адамзаттың мәдени және рухани мұрасын жеткізуші деп атап, бұл көрмелердің өзара түсіністік пен мәдени диалогты күшейтуге ықпал ететінін айтты. Министр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың дін – білім мен бейбітшілік бастауы деген ұстанымын еске салды.

Көрмеге қатысқан діни өкілдер де Қазақстанның бейбітшілік пен келісім жолындағы рөлін жоғары бағалады. Апостол Нунций Архиепископ Георг Панамтхундила мен Архиепископ Томаш Пета бұл іс-шараның еліміздің рухани бірлігі мен діни еркіндігін көрсететінін айтты.

«Турин Кебіні» көрмесінде Иса Мәсіхтің денесі оралды делінетін киелі мата көшірмесі мен тарихи деректер ұсынылды. Бұл жәдігер – христиан әлеміндегі ең көп зерттелген және құрметтелетін нысандардың бірі.

Ал «Қасиетті кітаптар» көрмесі түрлі діндердің қасиетті жазбаларына арналған. Мұнда VII ғасырдағы Құран қолжазбасы, XIX ғасырдағы Інжілдер, Кенесары ханның Құраны, Талмуд, Тора және басқа сирек қолжазбалар қойылған.



Фото: Артём Чурсинов

ӨЗБЕКСТАНДА ТОП ЖАРДЫ

Елорданың Есіл ауданы бойынша Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының шығармашылық ұжымдары Ташкент қаласында өткен өнер байқауынан жүлдемен оралды.



Кәсіби және көркемөнерпаз топтар арасында өткен байқауда орталықтың «Асыл мұра» домбырашылар ансамблі «Аспаптық өнер» номинациясы бойынша гран-при жүлдесін жеңіп алды. Сонымен қатар Есіл ауданының тағы бір шығармашылық тобы – «Қазына» салт-дәстүрді дәріптеу ұжымы мүшесі Забира Айдосова «Халықтық вокал» жанры бойынша жеке орындауда гран-при иеленсе, «Вокал» жанрында I орынды Раиса Мұхамбетқалиева жеңіп алған, ал халық әндері бағыты бойынша I орынға Зағипа Жаналиева ие болды.

«Шырқа гитара» клубының ұжымы вокалды-аспаптық жанр бойынша I дәрежелі лауреат атанып, жетекшісі Бақытжан Сұлтанова кәсіби шеберлігімен ерекшеленді.

Байқауда «Бәйтерек» ансамблі де өнер көрсетіп, ұйымдастырушы Жабай Қалиевтің жетекшілігімен I орын иеленді. Ансамбль солисі Рымкеш Ордабаева Қадыр Мырзалиевтің сөзіне жазылған Нұрғиса Тілендиевтің «Өз елім» әнін әсерлі жеткізіп, II жүлделі орынды иеленді. Сонымен қатар дуэт форматында да әнші әжелеріміз топ жарды.

Есіл ауданының өнерпаз ұжымдары келесі кезеңде халықаралық деңгейде ел намысын қорғайтын болады. Олар 2024 жылдың соңында Баку қаласында өтетін I Халықаралық Azerbaijan grand prix және Біріккен Араб Әмірліктерінде өтетін V Халықаралық Dubai Grand Festival байқауларына тегін жолдама мен сертификат жеңіп алған болатын.

АСТАНАНЫҢ КӨРКЕМ КӨРІНІСТЕРІ

Бас қаланың Есіл өзені жағалауында «Астананың пейзаждары» атты жылжымалы көрме өтті.

Көрмеге Қазақстан, Ресей, Әзербайжан, Италия, Польша суретшілерінің суреттері қойылды. Жұмыстар елорданың бірегей келбеті мен атмосферасын білдіреді. Астананың тарихы мен рухани дәстүрлерін айшықтайтын, елорданың көрнекті жерлері бейнеленген картиналар ерекше қызығушылық тудырды. Жүрт А.Бектасов, М.Байбосын, Р.Елубай, Comia Ferrarro (АҚШ), Н.Блохин (Санкт-Петербург), Dorota Podiaska (Польша) және басқа да суретшілердің пейзаждарын ерекше атап өтті.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 91
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Ержан ҚОЖАС